ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
Жауапкершілігі шектеулі
серіктестік
«ЮЖКАЗЭНЕРГОРЕМОНТCo.LTD»
Шымкент қ. 4 м/а., 759 үй, тел.: 8 7252 354352
электрондық пошта: uker@mail.ru

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
Товарищество с ограниченной
ответственностью
«ЮЖКАЗЭНЕРГОРЕМОНТ Co.LTD»
г.Шымкент, 4 мкр., дом 759, тел.: 8 7252 354352
электронная почта: uker@mail.ru

БИН 041040003251 ИИК KZ688560000005129681 АО «Банк ЦентрКредит» в г. Шымкент БИК KCJBKZKX

ТОО «ЮжКазЭнергоремонт Co.LTD»
Исход. № 127
"29" 05 2019 г.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
Ішкі мемлекеттік аудит комитетіне

«Сайрам аудандық тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесі (БСН 130840014659) тарапынан №3248851-1 «Түркістан облысы Сайрам ауданы Ақбұлақ ауылдық округі Ақбұлақ елді мекенін электр желілерімен қамтамасыз ету құрылыс жұмыстары» электрондық конкурс өткізу барысында келесідей бұзушылықтарға орын берді. Атап айтқанда:

1. Мекеме мемлекеттік сатып алудың қорытынды протоколын түзу барысында біздің ұйымның, конкурстық құжаттамада белгіленген, сатып алынып жатқан жұмыстар нарқында жұмыс өтілі жоқ деген негізде конкурсқа қатысудан заңсыз шеттетіп отыр, яғни ол 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V «Мемлекеттік сатып алулар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 2, 3 тармақшаларында қаралған, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру; әлеуетті өнім берушілер арасындағы адал бәсекелестік қағидаттары талаптарын орындамаған.

2. Мекеме, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» 152-1 тармағымен белгіленген, конкурсқа қатысушыны айқындау үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық құжаттамада конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттарды есептеу нәтижесеніне біздің ұйымның сатып алынып жатқан жұмыстар нарқында 10 жылдан асатын жұмыс өтілін көрсетпеген, яғни біздің жұмыс өтілімізді «0» деп көрсеткен.

Сізден, жоғарыда аталған электрондық конкурс бойынша, «Сайрам аудандық тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесі тарапынан орын алған бұзушылықтарды тексеріп, конкурс қортындысын заң талаптарына сәйкестендіруді сұранамыз.

Қосымша: 1. «ЮжКазЭнергоремонт Co. LTD» ЖШС-нің біліктілігі туралы мәліметтердің көшірмесі.

Директор **Сеилбеков М. К.**

ЮжКазЭнерго-ремонт Co.LTD

орындаушы: Оспанов А.
тел: 354 352